www.aigak.kz
RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET
# АЙҒАҚ
MEDIA
Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri
Instagram YouTube Facebook Telegram
№42 /sársenbi/ 15 qazan 2025 jyl

*Аптаның алты ауызы:*



## Асқар МАМЫРБАЕВ:

***Қазақстан Республикасының «Құрметті сәулетшісі»***

# ЗАҢНЫҢ АТАУЫНА ҚАРАЙ-ОРЫНДАЛУЫ...

Қазіргі таңда қызу талқылау үстіндегі "Құрылыс Кодексі" туралы айтқым келген. Атауының өзі- толыққанды емес деген пікірдемін. Өйткені Кодекс - қолданыстағы "Сәулет, құрылыс және құрылыс қызметі туралы" Заңның "көкесі", соның орнын басатын заң. Дұрыс атауы- Қала құрылысы (Градостроительный) Кодексі болуы тиіс еді. Өйткені бұл заң - құрылыс саласын ғана емес, елді мекендердің болашақ дамуының жобасы - бас жоспарлары мен құрылыс жобаларын қамтитын ауқымды заң емес пе? Оны бұрынғы заңдағы Сәулет атауы айқындап тұратын. Ол қайда қалды? Мамандар да, қоғам да үнсіз. Соны пайдаланған заң шығарушылар, орыс тілді құрылыс министріміз белден басып, жарымжан атауды өткізіп жібермек! Үн қосайық, заңның атауының дұрыс болуын талап етейік!

# ҚАЗАҚСТАН ДҮНИЕЖҮЗІЛІК EXPO 2025 OSAKA КӨРМЕСІНДЕ БІРІНШІ ОРЫНДЫ ИЕЛЕНДІ

Дүниежүзілік EXPO 2025 Osaka көрмесі өз жұмысын аяқтады. Көрмеге қатысушы мемлекеттер үшін басты оқиға болып саналатын EXPO Awards марапаттау рәсімі кеше, 12 қазанда өтті. Аталған рәсім барысында Қазақстан павильоны Theme Development («Көрме тақырыбын ашу») негізгі номинациясы бойынша «С» санатындағы шағын павильондар арасында бірінші орынды иеленді. Бұл санатқа 90-нан астам ел кірді. Қазақстан экспозициясы көрменің басты тақырыбын мазмұнды және ерекше түрде ашқаны үшін жоғары бағаға ие болды, деп хабарлайды ҚР Сауда және интеграция министрлігі.

Көрме басталған күннен бастап Қазақстан павильоны жапондар мен шетелдік туристер арасында үлкен қызығушылық тудырды. Павильон еліміздің мәдениеті, дәстүрі мен тарихы, инвестициялық, экономикалық және инновациялық дамуы, сондай-ақ цифрландыру, технология және тұрақты даму салаларындағы мазмұнды әрі тартымды экспозициясымен ерекшеленді. Осы орайда халықаралық және жапон бұқаралық ақпарат құралдары павильон туралы бірқатар мақалалар жариялады.

Көрме барысында Қазақстан павильоны ынтымақтастық пен өзара тәжірибе алмасудың маңызды алаңына айналып, еліміздің жа»андық қоғамдастықтағы ашық әрі сенімді серіктес ретіндегі мәртебесін нығайтты. Павильон аясында 9 іскерлік және мәдени іс-шара ұйымдастырылды.

Ең ірі оқиғалардың бірі – Қазақстанның Ұлттық күні, ол 2025 жылғы 10 тамызда ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай өтті. Сол күні EXPO National Day Hall алаңында Қазақстан Республикасының туы көтеріліп, ауқымды мерекелік концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Шараға шамамен 3 000 көрермен қатысты.

Қазақстан павильоны «Өмірді біріктіру» кластерінде орналасып, шамамен 1,5 млн адамды қабылдады. Олардың қатарында ресми делегациялар, халықаралық ұйымдар, дипломатиялық миссиялар, бизнес, медиа және шығармашылық қауым өкілдері болды. Павильонға Халықаралық көрмелер бюросының (BIE) Бас хатшысы Димитри Керкентзес ресми сапармен келіп, оның ұйымдастырылу деңгейін, мазмұнын және экспозициялық шешімін жоғары бағалады.

Дүниежүзілік EXPO 2025 Osaka көрмесі 2025 жылғы 13 сәуір мен 13 қазан аралығында өтті. Іс-шараға 160 мемлекет пен 9 халықаралық ұйым қатысты, ал жалпы келушілер саны 28 млн адамнан асты. Алты ай бойы Юмешима аралы «Біздің өміріміз үшін болашақ қоғамын құру» тақырыбындағы жаһандық диалогтың басты алаңына айналды.

**Жапония.**



# ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ ТЖ ДЕПАРТАМЕНТІНДЕ СПАРТАКИАДА ӨТУДЕ

ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің 30 жылдығы және 19 қазан – Құтқарушылар күніне орай Шымкент қаласы Төтенше жағдайлар департаменті өрт сөндіру бөлімшелері арасында дәстүрлі спартакиаданы бастады. Бұл мерейлі шара «30 игі іс» жобасы аясында ұйымдастырылып, төтенше жағдай қызметкерлерінің рухын көтеру мен ұжымдық бірлікті нығайтуға бағытталған. Бүгін спартакиаданың салтанатты ашылуы өтіп, қатысушы командалар мандаттық комиссиядан өтіп, жеребе тарту рәсіміне қатысты. Жарыстың алғашқы күні ерекше жігер мен спорттық рухқа толы сәттерге ұласты. Құтқарушылар арқан тарту, өрт-құтқару спорты, волейбол және футбол түрлерінен бақ сынайды. Ойындар төрт күн бойы жалғасып, үздіктер арнайы марапатталады. Спартакиада – бұл тек спорт сайысы ғана емес, өз ісіне адал, батыл және темірдей тәртіпке бағынған құтқарушылардың бірлігін, ерік-жігері мен кәсіби рухын айқындайтын маңызды іс-шара. Барлық қатысушыларға жарыста сәттілік, жоғары нәтиже және лайықты жеңіс тілейміз! Құтқарушы – батырлық пен мейірімнің символы!



# ЕЛІМІЗДЕ ЖОҒАРЫ ЖЕТІСТІКТЕР СПОРТЫ ТҮРЛЕРІНІҢ ТІЗІМІ БЕКІТІЛДІ

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі жоғары жетістіктер спорты түрлерінің тізімін бекітті. Оған Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиада, Азия және Азия пара ойындарының бағдарламасына енген 65 спорт түрі, сондай-ақ ұлттық спорт түрлері енгізілді, деп хабарлайды ведомствоның баспасөз қызметі.

Аталған спорт түрлерін қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджет есебінен басым тәртіппен жүргізіледі. Қаражат спорт резервін даярлауға, спортшылардың халықаралық жарыстарға қатысуына, оқу-жаттығу жиындары мен спорттық іс-шаралар өткізуге, спорт инфрақұрылымын күтіп-ұстауға және дамытуға бағытталады.

65 жоғары жетістіктер спорты түрінің ішінен 46-сы басымдыққа ие деп белгіленді. Олардың қатарында 11 ұлттық спорт түрі бар. Іріктеу жұмыстары Қазақстан ұлттық құрамаларының Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиада, Азия және Азия пара ойындарында көрсеткен нәтижелеріне қарап жасалды.

Жоғары жетістіктер спорты түрлерінің тізіміне енбеген спорт түрлері бұқаралық спорт қағидаты бойынша дамытылады. Жергілікті атқарушы органдар спортшылардың ел чемпионаттары мен кешенді жарыстарға қатысуын қаржыландырады. Ал халықаралық жарыстарға бюджет есебінен қатыса алмайды. Тек демеушілердің немесе өзге де қаражат есебінен қатысуына болады.

Тізім жыл сайын жаңартылып отырады. Бұл Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиада, Азия және Азия пара ойындарында жоғары нәтиже көрсеткен спорт түрлерін қосуға мүмкіндік береді.

Заң жобасына енгізілген түзетулер қоғам өкілдері, депутаттар, спорт саласының мамандары, федерациялар, бапкерлер, сарапшылар қауымдастығы мен үкіметтік емес ұйымдардың пікірін ескере отырып дайындалғанын ерекше атап өткен жөн.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес елде спорт саласына кешенді реформа жүргізілуде. Министрлік дене шынықтыру және спорт саласын жүйелі реформалауға бағытталған «Дене шынықтыру және спорт туралы» заң жобасын әзірледі.

Заң жобасындағы бірқатар маңызды өзгерістер:

- спорттың ойын түрлері бойынша кәсіби клубтарды күтіп-ұстауға бөлінетін бюджет қаражатына лимит енгізу;
- Қазақстан Республикасының азаматы емес спортшыларды бюджет есебінен қаржыландыруға тыйым салу;
- «басым спорт түрлері» ұғымын нақтылау және олардың өңірлік тізімін бекіту;
- аккредиттелген спорт федерацияларына діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу шараларын қабылдау міндетін жүктеу;
- спорт федерацияларын аккредиттеу талаптарын күшейту;
- «мүгедектігі бар спортшыны сүйемелдеуші» ұғымын енгізу;
- дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік ұйымдар басшыларын ротациялау тетігін енгізу;
- «спорттық дайындықтың ұлттық стандарттары» ұғымын бекіту.

Министрлік елімізде спорттың тұрақты дамуына жағдай жасап келеді. Ұлттық спорт түрлеріне олимпиадалық спорт түрлерімен тең мәртебе беріліп, вертикалды басқару жүйесі қалыптастырылады. Сондай-ақ бюджет қаражаты әлдеқайда тиімді жұмсалады.

**«Айғақ»-ақпарат.**

# АІ ТАҚЫРЫПТАРЫ КЕЛЕШЕК МЕКТЕПТЕРІНІҢ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНА ЕНГІЗІЛДІ



Мемлекет басшысының білім беру жүйесіне жаңа технологиялық шешімдер мен жасанды интеллектті енгізу туралы тапсырмасына сәйкес, «Келешек мектептері» жобасы аясындағы мектептерде «Цифрлық сауаттылық» және «Информатика» пәндерінің мазмұнына жасанды интеллект тақырыптарын енгізу жұмыстары басталды, деп хабарлайды Оқу-ағарту министрлігінің Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы.

Қазіргі уақытта жасанды интеллект элементтері бар цифрлық шешімдерді білім беру процесіне тәжірибелік тұрғыда енгізу сынақтан өткізілуде. Сабақтар оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырылады: бастауыш сыныптарда түсіндіру ойын және көрнекілік әдістері арқылы жүргізілсе, жоғары сыныптарда оқушылар чат-боттар құру, деректерді талдау және этикалық жағдайларды шешу сияқты жобалық тапсырмаларды орындайды. Мұндай тәсіл сыни ойлауды, цифрлық сауаттылықты және технологияларға саналы көзқарасты дамытуға бағытталған.

Аталған шешімдер еліміздің бірнеше мектебінде, соның ішінде Астана қаласындағы №101 «Келешек мектебінде» пилоттық негізде қолданысқа енгізілуде. Бұл мектепте жасанды интеллектпен жұмыс істеуге арналған заманауи цифрлық құралдар мен әдістер сынақтан өтіп жатыр. Білім беру ортасына кезең-кезеңімен Roqed AI, Aqyl, Google Workspace for Education және жасанды интеллект негізіндегі Kahoot сияқты шешімдер енгізілуде. Бұл құралдар оқушылар мен мұғалімдер үшін сенімді көмекшіге айналуда. Олардың қолданылуы білім беруді көрнекі, интерактивті және әр оқушының жеке қажеттіліктеріне бейімделген етуге мүмкіндік береді. Жасанды интеллект элементтері бар технологиялар цифрлық дағдыларды дамытуға, мұғалімдерді оқыту үдерісін ұйымдастыруда қолдауға және оқушылардың заманауи білім беру тәсілдеріне деген қызығушылығын арттыруға ықпал етеді.

«Жасанды интеллект қазіргі таңда тек оқыту құралы ғана емес, сонымен қатар мұғалімнің көмекшісі, оқушының серіктесіне айналуда. Біз технологиялар ойлау, коммуникация және жеке жауапкершілік дағдыларын дамытуға қызмет ететін білім беру ортасын қалыптастырып жатырмыз», — деп атап өтті Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының жетекші сарапшысы Әсем Сарыбекова.

Жасанды интеллектіні білім беру жүйесіне этикалық және қауіпсіз енгізу мәселелеріне ерекше мән берілуде. Білім беру ұйымдарына Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы әзірлеген, жасанды интеллектіні қолданудың этикалық стандарттарын қамтитын нормативтік құжаттар жолданды. Қазіргі таңда бұл стандарттардың мектептерде практикалық қолданылуы сынақтан өткізілуде. Сонымен қатар, білім беруде жасанды интеллектіні қолдануға байланысты мәселелерді талқылап, әдістемелік қолдау көрсететін және процестің ашықтығы мен жауапкершілігіне негізделген этикалық қағидаларды ұстануын қамтамасыз ететін Этикалық кеңестің құрамы бекітілді. Ұлттық білім академиясы бұл бағытта мектептерге ғылыми-әдістемелік қолдау көрсетуді жалғастыруда.

**«Айғақ»-ақпарат.**

# ШАРУАЛАРМЕН КЕЛІСІМШАРТТАР ЭЛЕКТРОНДЫ ФОРМАТТА РӘСІМДЕЛЕДІ

2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап суармалы су беру бойынша «Қазсушар» РМК мен су пайдаланушылар арасындағы келісімшарттар тек онлайн форматта жасалады. Бұл шара судың «көлеңкелі нарығына» тосқауыл қою мақсатында қолға алынып отыр, деп хабарлайды ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігі.

Қазіргі уақытта өтінім қабылдау, келісімшарт жасау және төлем жүргізу үдерістерін автоматтандыруға арналған арнайы биллинг жүйесін әзірлеп жатыр. Жаңа жүйе іске қосылғаннан кейін «Қазсушар» РМК су пайдаланушылармен электронды келісімшарттар жасайды, ал төлемдер екінші деңгейлі банктердің мобильді қосымшалары арқылы жүзеге асады.

Министрлік биыл қараша айында биллинг жүйесін пилоттық режимде іске қосуды жоспарлап отыр.

«Келесі жылдан бастап барлық келісімшарт электронды форматта рәсімделуі керек. Бұл талап шаруа қожалықтарына, өндірістік кәсіпорындар мен басқа да су пайдаланушыларға бірдей қолданылады. Төлем де тек қана электронды түрде жүргізілуі керек. Бұл бөлінген су ресурстарының ашықтығы мен нақты есебін қамтамасыз ету үшін қажет. Бұрынғы келісімшарттарды да жүйеге енгізу қажет», – деді су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов.

**Елорда.**

# ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ TURKICSKILLS-2025 ЧЕМПИОНАТЫНДА 6 АЛТЫН МЕДАЛЬ ЖЕҢІП АЛДЫ




I Халықаралық TurkicSkills-2025 кәсіби шеберлік чемпионаты өз мәресіне жетті. Қазақстан құрамасы жарыстың басты жеңімпазы атанып, түркі елдері арасында техникалық және кәсіптік маман даярлауда көшбасшы екенін дәлелдеді. Еліміздің жүлде қоржыны 6 алтын, 2 күміс медаль және 1 «Үздік медальонмен» толықты. Бұл жеңіс Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясындағы реформалардың нәтижелі жүзеге асып жатқанын айғақтайды, деп хабарлайды ҚР Оқу-ағарту министрлігі.

4-9 қазан аралығында Ақтау қаласында Жұмысшы мамандықтар жылы аясында өткен TurkicSkills-2025 чемпионатына Түркия, Әзербайжан, Мажарстан, Өзбекстан, Қырғызстан және Қазақстаннан 70-ке жуық колледж студенттері мен жас маман қатысты. Олар инженерия, ақпараттық технологиялар, өндіріс, робототехника және қызмет көрсету салаларын қамтитын 10 құзыреттілік бойынша бақ сынады.

Жарыстың жабылу рәсімінде сөз сөйлеген ҚР оқу-ағарту вице-министрі Асылбек Ахметжанов бұл чемпионаттың түркітілдес мемлекеттердің техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының арасында Қазақстанның бастамасымен алғаш рет ауқымды түрде ұйымдастырылғанын атап өтті.

«TurkicSkills чемпионаты – түркітілдес мемлекеттер арасындағы техникалық және кәсіптік ұйымдар ынтымақтастығының жаңа кезеңіне жол ашатын маңызды шара. Бұл күндер достық пен өзара түсіністіктің, ынтымақтастық пен тәжірибе алмасудың жарқын үлгісіне айналды», - деп атап өтті вице-министр.

WorldSkills International кеңесінің мүшесі Рэй Инглиш Қазақстанның халықаралық деңгейдегі әлеуетін ерекше атап өтті.

«Чемпионаттың ауқымы мен ұйымдастырылу сапасы – Қазақстанның әлемдік деңгейдегі кәсіби шеберлік сайыстарын өткізуге толық дайын екенін көрсетеді. Бұл тәжірибе болашақта WorldSkills немесе WorldSkills Europe сияқты халықаралық жарыстарды қабылдауға мүмкіндік береді», – деді ол.

**Ақтау.**

# ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАР ҰМЫТ ҚАЛМАСЫН...

Қазіргі таңда еліміздің ірі қалалары мен өңірлерінде құрылыс саласы қарқынды дамып келеді. Әсіресе тұрғын үй кешендері жыл сайын көбейіп, заман талабына сай үлгіде бой көтеруде. Алайда құрылыс саласының өсу қарқыны тұрғындардың әлеуметтік қажеттіліктерімен әрдайым сәйкесе бермейтіні өкінішті. Көптеген қала және аудан әкімдері инвестиция тартудағы жетістіктерін тұрғын үй құрылысының көлемімен байланыстырады. Бірақ сарапшылардың пікірінше, экономикалық тұрғыдан алғанда, инвестицияны өндіріс саласына тарту әлдеқайда тиімді. Өйткені тұрғын үй құрылысы жылдам табыс әкелгенімен, ұзақмерзімді экономикалық тұрақтылық пен жұмыс орындарын қамтамасыз етпейді.



Инвесторлар үшін көпқабатты тұрғын үй кешенін салу – тез пайда табудың ең қысқа жолы. Осы себепті құрылыс компаниялары қалалардың ең қымбат, рекреациялық аймақтарына ұмтылып, әлеуметтік нысандарға арналған жерлерге қол сұғып жатады.

Бұл мәселе жуырда Парламент Мәжілісінде де талқыланды. Орайы келгенде айта кететін тағы бір мәселе, парламентте талқылау барысындағы Құрылыс Кодексінің атауы заңның ауқымына сай емес деген пікірдемін. Өйткені Кодекс дәрежесі заңнан жоғары және тек құрылыс саласын ғана емес, сонымен бірге құрылыс алдындағы басты құжаттар- елді мекендердің Бас жоспарлары мен егжей- тегжейлі жоспарлау жобалары және жекелеген ғимараттардың сәулеттік жобаларын қамтиды. Сондықтан Кодекс атауы- "Қала құрылысы Кодексі" болуын талап етеміз.

Мәжіліс депутаты Асхат Аймағамбетов Құрылыс Кодексінің жаңа жобасында елеулі кемшіліктер бар екенін айтып, тұрғын үй кешендерімен қатар әлеуметтік нысандардың – мектеп, балабақша, емхана сияқты инфрақұрылымдардың бір мезгілде салынуы заңмен реттелуі тиіс екенін атап өтті.

Депутаттың бұл ұсынысы қоғамда кең қолдау тапты, себебі тұрғындардың жайлы өмір сүруі тек тұрғын үйдің сапасына емес, әлеуметтік инфрақұрылымның болуына да тікелей байланысты. Мәселен Шымкент қаласына да тән. Соңғы жылдары қалада бой көтеріп жатқан жаңа тұрғын үй кешендерінің көпшілігінде әлеуметтік нысандардың құрылысы бас жоспарға сәйкес келмейді немесе мүлде қарастырылмаған. Тұрғындар тығыз қоныстанған жаңа аудандарда балабақша мен мектеп тапшылығы сезіліп, кейбір балалар бірнеше шақырым қашықтықтағы білім ордаларына қатынауға мәжбүр. Мәселен, кезінде қоғам тарапынан қарсылыққа ұшыраған ескі ипподром аумағындағы құрылыс, сондай-ақ Т.Рысқұлов пен С.Бәйтереков көшелерінің қиылысындағы жаңа кешендерде әлеуметтік инфрақұрылым мәселесі шешілмей отыр. Бұл аумақтарда нормаға сай мектеп пен балабақша салынбаған. Қаланың қарқынды дамуы – қуанышты жағдай. Бірақ ол даму тұрғындардың өмір сапасын төмендетпеуі керек. Қала құрылысы – тек үйлердің биіктігімен емес, адамдардың өмір сүруіне қолайлы ортаның қалыптасуымен өлшенеді.

Осы тұрғыда жергілікті атқарушы органдар, мәслихат депутаттары мен қоғам өкілдері бірігіп, жаңа тұрғын үй аудандарында әлеуметтік нысандардың дер кезінде және сапалы салынуын қатаң бақылауға алуы қажет.

Тұрғын үй кешендері – қаланың келбеті. Ал мектеп, балабақша мен аурухана – сол қаланың жүрегі. Екеуінің үйлесімді дамуы ғана нағыз заманауи және жайлы мегаполис қалыптастырады. Қоғам мен билік бірігіп, құрылыс саясатын қайта қараса, әрбір тұрғын өз қаласында тек баспаналы емес, толыққанды әлеуметтік қолжетімді өмірге ие болмақ...

**Асқар МАМЫРБАЕВ,**
*Қазақстан Республикасының «Құрметті сәулетшісі»*

Шымкент полициясы қоғамдық тәртіп пен ұрпақ тәрбиесін қатар ұстануда. Соңғы кездері мегаполисте қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету,есірткі қылмысына тосқауыл қою және жастар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

# ҚАУІПСІЗ ҚАЛА - ТЫНЫШ ӨМІР НЕГІЗІ

### ҰЙЫМДАСКАН ҚЫЛМЫС ТОБЫ ІСТІ БОЛДЫ

Қалалық Полиция департаментінің жедел әрекет етуі нәтижесінде аса ірі көлемде есірткі өндірумен және таратумен айналысқан ұйымдасқан қылмыстық топ әшкереленді.

2023–2024 жылдар аралығында «Telegram» желісі арқылы психотроптық заттарды заңсыз әзірлеп, сатумен айналысқан топтың мүшелері арнайы операция кезінде қолға түсті.

Тәркілеу барысында үш келіден астам есірткі, зертханалық құралдар мен қаражат алынған.

Сот үкімімен айыпталушылар 10 жылдан 15 жыл 6 айға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылды. Бұл — заң үстемдігін және қылмысқа мүлдем төзбеушілік қағидатын нақты дәлелдейтін шешім болды.

### ЕСІРТКІГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС – БАСТЫ БАҒЫТ

Полиция департаменті «Қарасора-2025» жедел-профилактикалық іс-шарасы аясында есірткі қылмысына қарсы күресті жалғастыруда.

Жедел уәкілдердің үйлесімді жұмысы нәтижесінде қала аумағында синтетикалық есірткі таратумен айналысқан бірнеше шетел азаматы ұсталды.

Сондай-ақ, жасырын қоймалардан 200 грамнан астам «мефедрон» есірткісі тәркіленді.

Тәртіп сақшылары тұрғындарды сақ болуға, заңсыз айналымға қатысудың ауыр қылмыстық жауапкершілікке әкеп соғатынын еске салады.

### ЖАЛҒА БЕРІЛЕТІН ПӘТЕРЛЕРДЕГІ ТӘРТІП БАҚЫЛАУДА

Полиция өкілдері тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын күшейтуде.

Қазіргі таңда кәмелетке толмағандарға пәтерді жалға беру жағдайлары жиілеп, ол түрлі құқық бұзушылықтарға жол ашуда.

Сондықтан полиция басқармасы азаматтарға:

ата-анасының немесе заңды өкілінің рұқсатынсыз жүрген жасөспірімдерге пәтерді жалға беруге қатаң тыйым салынатынын ескертеді.

Мұндай жағдай анықталған кезде бірден «102» нөміріне хабарлау қажеттігі айтылды.

Тәртіп сақшылары бұл бастама қоғамдағы тыныштық пен қауіпсіздікті сақтау мақсатында қолға алынғанын атап өтті.

### ПОЛИЦЕЙЛЕР МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ҚАУІПСІЗДІК САБАҒЫН ӨТКІЗДІ

«Заң және тәртіп» қағидатын іске асыру аясында Шымкент қаласы полиция департаментінің қызметкерлері қаладағы №25, №65 және №148 мектептерінің оқушыларымен кездесті. Кездесу барысында полицейлер 300-ден астам жоғары сынып оқушыларына қауіпсіздік сабақтарын өткізіп, онда кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алудың маңызды мәселелерін талқылады және құқықтық салдарын түсіндірді.

Өз кезегінде полицейлер қорқыту, есірткі қылмыстары және басқа да құқық бұзушылықтар үшін қатаң жауапкершілік қарастырылғанын ескертті. Сондай-ақ полицейлер бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезінде абай болу және интернеттегі алаяқтардан сақ болу туралы кеңес берді. Полицейлер атап өткендей, қауіпсіздік сабақтары жастардың құқықтық сауаттылығын арттыруда, қауіпсіз қоғамды қалыптастыруда және полиция жұмысына деген сенімді арттыруда маңызды қадам болды.

### ЖАС САҚШЫЛАР – ПОЛИЦИЯНЫҢ СЕНІМДІ ІЗБАСАРЛАРЫ

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде жас буынның тәрбиесі де маңызды орын алады.

Осы мақсатта Шымкенттегі «Металлург» стадионында Ішкі істер министрінің Кубогына арналған шағын футболдан республикалық турнир өтті.

«Жас сақшы» және «Жас динамо» кадет сыныптарының 200-ден астам оқушысы қатысқан спорттық додада елорда командасы жеңімпаз атанды.

Полиция департаментінің бастығы Нұрлан Алмасбеков турнирдің ашылу салтанатында сөз сөйлеп, спорт – тәртіп пен рухани күштің бастауы екенін атап өтті.

Жарыс барысында бейбітшілік пен достықтың нышаны ретінде көгершіндер көкке қалықтап, жастар ел тыныштығын сақтауға үлес қосуға ант етті.

Шымкент полициясының бастамалары тек қылмыспен күресті күшейтіп қана қоймай, қоғамдағы тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау, жас ұрпақтың бойында жауапкершілік пен отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған.

Адал қызмет, мызғымас тәртіп, ұлт қауіпсіздігі – міне, полиция қызметінің басты мұраты осы.

# ӨРТ СӨНДІРУШІЛЕРДІҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІ СЫНАҚТА

Түнгі тыныштықты тексерген дабыл дауысы. Қаланың қақ ортасындағы «Ақбар» базары аумағында өрт сөндірушілердің қатысуымен кешенді өрт-тактикалық оқу-жаттығу өткізілді. Бұл іс-шараның мақсаты – төтенше жағдай кезінде жеке құрамның іс-қимыл дайындығын жетілдіру және түрлі қызметтердің өзара әрекет ету қабілетін шыңдау.

Жаттығу сценарийі бойынша базардағы екі қабатты дүкеннің бутиктерінің бірінде электр сымдарының қысқа тұйықталуынан өрт шығып, жалын көрші ны-сандарға тез тарай бастаған.

Шақырту түскен сәттен бастап Шымкент қаласы ТЖД өрт сөндіру бөлімшелері оқиға орнына бірнеше минутта жетіп, шұғыл штаб құрды.

Оқу-жаттығуға 11 өрт сөн-діру техникасы, офицерлік және жеке құрам, Апаттар медицинасы орталығы, сондай-ақ «102», «103», «104» және «105» қызметтері жұмылдырылды.

Шартты өрттің аумағы 120 шаршы метрді қамтыды. Өрт сөндірушілер нақты төтенше жағдай кезіндегідей әрекет етіп, адамдарды қауіпсіз ай-маққа эвакуациялады, газ-түтіннен қорғау қыз-меті мен жедел штабтың үйлесімді жұмысын пысықтады.

«Мұндай оқу-жаттығулардың маңызы зор. Бұл – біз-дің бөлімшелердің дайындық деңгейін тексеріп қана қоймай, әрбір құтқарушының өз міндетін нақты орындауға үйренуіне мүмкіндік береді. Нақты жағдайда үйлесімді әрекет ету – адам өмірін сақтап қалудың басты шарты», дейді Шымкент қаласы ТЖД Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары басқармасы бастығының орынбасары, азаматтық қорғау подполковнигі Әбілбек Байташов,

Жаттығу барысында өрт сөндірушілер от пен түтінге қарсы күресте кәсіби шеберліктерін тағы бір мәрте дәлелдеді. Әрбір қызметкер өз рөлін жауапкершілікпен атқарып, азаматтардың өмірі мен мүлкін қорғауға деген берік ұстанымын көрсетті.

«Ақбар» базарындағы түнгі оқу-жаттығу – қалалық ТЖ департаментінің жүйелі жұмысының бір бөлігі. Мұндай шаралар тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, төтенше жағдайдың алдын алуға және өрт сөндірушілердің кәсіби дайындығын жетілдіруге бағытталған.

Қорытындылай келе, жалынмен арпалысатын құтқарушылардың батылдығы мен жауапкершілігі – қоғам тыныштығының кепілі. Өрт сөндірушілер тәуліктің қай уақыты болмасын, қауіптің ортасына кіріп, ел амандығын сақтау жолында аянбай еңбек етуде.

# ОТАН АЛДЫНДАҒЫ БОРЫШ – АБЫРОЙ МЕН АЗАМАТТЫҚ ПАРЫЗ

Шымкент қаласында 35748 әскери бөлімінде мерзімді қызметін аяқтаған 140 сарбазды запасқа шығарып салу салтанаты өтті. Бұл – ел қорғаны болған жауынгерлердің ерен еңбегіне, табандылығы мен ерік-жігеріне көрсетілген зор құрметтің көрінісі. Бір жыл бойы Отан алдындағы борышын өтеген сарбаздар әскери, жауынгерлік және оқу-жаттығу дайындықтарында жоғары нәтижелерге қол жеткізіп, бөлім абыройын арттырды.

Салтанатты шара саптық алаңға жауынгерлік тудың енгізілуінен басталып, әскерилердің дәстүрлі рәсімдерімен өрбіді. Әскери бөлім командирінің міндетін уақытша атқарушы, подполковник Айдос Исаев сарбаздарға жылы лебізін білдіріп, олардың көрсеткен тәртібі мен батылдығын жоғары бағалады.

– Құрметті сарбаздар! Әскери қызмет кезінде танытқан табандылықтарыңыз бен жауапкершіліктеріңіз үшін алғыс айтамыз. Сіздер ел тыныштығы мен қауіпсіздігі жолында абыроймен қызмет еттіңіздер. Алдағы өмірлеріңізде де биік жетістіктер мен сәттілік серік болсын, – деді ол өз сөзінде.

Бір жылдық әскери өмір сарбаздарға ерік-жігер мен төзімділікті ғана емес, ұйымшылдық пен тәртіптің де мәнін ұқтырды. Қызмет барысында 5 сарбаз спорт шебері, 10 сарбаз бірінші дәрежелі және 15 сарбаз екінші дәрежелі спорт шебері атанды. Бұл – әскердегі спорттық дайындықтың жоғары деңгейін және сарбаздардың жан-жақты дамығанын дәлелдейді.

Сонымен қатар Құрлық әскерлерінің Бас қолбасшысының кезектен тыс тексеруінде шымкенттік сарбаздар жоғары баға алды. Көздеуіш оператор қатардағы Асылмұрат, оқшашар қатардағы Уринбеков, ефрейторлар Қайратұлы мен Ахметжан үздік нәтиже көрсетіп, бөлім намысын қорғады. Ал 2 шабуылдаушы ротаның 2 взводы «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының тексерісінде «өте жақсы» деген бағаға ие болды.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 36-бабының 1-тармағында: «Қазақстан Республикасын қорғау – оның әрбір азаматының қасиетті парызы» деп көрсетілген. Бұл қағиданы берік ұстанған жас сарбаздар ел алдындағы борышын абыроймен атқарып, нағыз патриоттық өнеге көрсетті.



Өткен аптада сондай-ақ, Шымкентте әскерге шақыру науқаны жалғасын тапты. Қалалық Қорғаныс істері жөніндегі департаменттің жинақ бекетінде жас сарбаздарды салтанатты түрде шығарып салу рәсімі өтті.

Бұған дейін 240 жас Отан алдындағы борышын өтеуге аттанған болса, бүгін олардың қатарына тағы 56 сарбаз қосылды. Олардың ішінде 21 жас — Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметінің Құрметті қарауыл ротасының әскери бөлімдерінде, ал 35 сарбаз — Талдықорған қаласындағы десанттық-шабуылдау әскерлерінің құрамында қызмет ететін болады.

Салтанатты іс-шараға қала әкімдігінің, Қорғаныс істері жөніндегі департаменттің өкілдері, ардагерлер мен сарбаздардың ата-аналары қатысты. Қатысушылар жас сарбаздарға адал қызмет, мықты денсаулық және ел қорғаны болу жолында табыс тіледі.

Шымкент қаласы бойынша "Ауғанстандағы соғыс ардагерлері мен мүгедектері кеңесінің" төрағасы Рыспеков Серғали Епишманұлы, ҚР Мемлекеттік күзет қызметінің өкілі капитан Көпбай Темірбеков, ҚР Қарулы Күштерінің 18404 әскери бөлімінің өкілі майор Нұрлан Толдыбаев және сарбаздың ата-анасы жас буынға ақ тілегін білдіріп, Отан алдындағы борышты абыроймен өтеуге шақырды.

Іс-шараның ресми бөлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын саптан шығару рәсімімен аяқталып, қатысушыларға арналған шағын концерттік бағдарлама ұсынылды.

Отан үшін қызмет ету – тек міндет емес, ұлттың болашағын қорғауға қосқан зор үлес.

Бетті дайындаған: Үлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.

# ЖЕРІ ҚҰНАРЛЫ, ӨНІМІ МОЛ, ХАЛҚЫ ЫНТЫМАҚТЫ ӨҢІР



Түркістан қаласында 30 тоннадан астам ауыл шаруашылығы өнімі сатылған жәрмеңке өтті. Түркістан облысында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, баға тұрақтылығын сақтау және жергілікті шаруаларды қолдау бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Соның айғағы ретінде облыс орталығында дәстүрлі ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі ұйымдастырылды.

Кезекті жәрмеңке Түркістан қаласындағы «Яссы» мөлтек ауданында өтті. Мұнда облыс аудандарынан келген шаруалар, «Түркістан» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ және жергілікті кәсіпкерлер өз өнімдерін нарықтағыдан 30–50 пайызға төмен бағамен ұсынды.

Жәрмеңке сөрелерінде Қазығұрт пен Ордабасы аудандарының диқандары әкелген экологиялық таза өнімдер сатылымға шықты. Тұрғындар ет, сүт, жұмыртқа, көкөніс пен жеміс-жидек өнімдерін қолжетімді бағамен сатып алу мүмкіндігіне ие болды.

Мәселен, картоп – 140 теңге, пияз – 85 теңге, сәбіз – 140 теңге, қырыққабат – 100 теңге, сиыр еті – 2500 теңге, тауық еті – 1100 теңге, нан – 80 теңге, ал жұмыртқаның данасы – 45 теңгеден сатылды.

Барлығы 30 тоннадан астам ауыл шаруашылығы өнімі саудаланып, тұрғындардың күнделікті тұрмысқа қажетті азық-түлікке сұранысы қанағаттандырылды.

Облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы аграрлық сектордың өркендеуімен тығыз байланысты. Осы бағытта ұйымдастырылған жәрмеңкелер шаруалардың еңбегін насихаттап қана қоймай, ауыл мен қала арасындағы байланысты нығайтып келеді.

«Түркістан» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ басқарма төрағасы Бекжан Бисенбаевтың айтуынша, жәрмеңкелер тұрақты түрде өтіп, әр аптада жаңа ауданның шаруалары өз өнімдерін ұсынуда.

— Біздің мақсатымыз – бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу және отандық өнім өндірушілерге қолдау көрсету. Келесі жәрмеңке 17 қазан күні «Шауғар» секторында, №22 мектеп маңында өтеді. Онда Мақтаарал және Жетісай аудандарының шаруалары экологиялық таза өнімдерін ұсынады, – деді ол.

Мұндай жәрмеңкелер тек сауда алаңы емес, сонымен қатар облыс экономикасының әлеуетін арттыруға бағытталған тиімді тетік болып отыр. Бір жағынан – халық сапалы әрі арзан өнімге қол жеткізсе, екінші жағынан – ауыл еңбеккерлері өз өнімін тікелей тұтынушыға ұсына алады.

Түркістан облысы жыл сайын ауыл шаруашылығы өнімдері бойынша республика көлемінде алдыңғы қатардан көрініп келеді. Бұл өңірдің жері құнарлы, халқы еңбекқор екенін тағы бір мәрте дәлелдеп отыр.

# АЙМАҚТА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТЕХНИКАСЫ ҚҰРАСТЫРЫЛАТЫН ЗАУЫТ САЛЫНАДЫ



Өңірдің агроөнеркәсіптік әлеуетін арттыратын жаңа инвестициялық жоба іске қосылмақ. Түркістан облысының өндірістік парк аумағында мақта, күріш және басқа да ауыл шаруашылығы дақылдарын жинауға арналған заманауи техникалар құрастыратын зауыт салынбақ. Жаңа өндіріс орнының құрылысы туралы мәселе облыс әкімі Нұралхан Көшеровтың «АгромашХолдинг KZ» АҚ президенті Динара Шүкіжановамен өткен кездесуінде талқыланды. Кездесу барысында екі тарап ауыл шаруашылығы салаcындағы ынтымақтастықты нығайтып, агроөнеркәсіп секторында инновациялық-инвестициялық жобаларды жүзеге асыру бағытында келісімге келді.

Өңір басшысы өз сөзінде Түркістан облысының географиялық және экономикалық мүмкіндіктеріне тоқталып, ауыл шаруашылығын дамытуда өңірдің маңызы зор екенін атап өтті.

— Климаттық тұрғыдан да, еңбек ресурсы жағынан да Түркістан облысы ауыл шаруашылығы саласын өркендетуге ең қолайлы өңірдің бірі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев агроөнеркәсіп кешенін ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі ретінде қарастырып келеді. Сондықтан ауыл шаруашылығын инновациялық жолмен дамыту, жаңа технологияларды енгізу – біздің ортақ мақсатымыз, – деді Нұралхан Көшеров.

Өз кезегінде «АгромашХолдинг KZ» компаниясының президенті Динара Шүкіжанова өңірдің логистикалық ыңғайлылығын атап өтіп, зауыттың оңтүстік аймақтарды ауыл шаруашылығы техникаларымен қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратынын жеткізді.

Компания басшысы жобаны бастауға дайын екенін, алдағы уақытта өндіріс процесінде жергілікті кадрлар мен инженерлердің қатысуына басымдық берілетінін мәлімдеді.

Жобаны жүзеге асыру жұмыстарын «Jer Arys Group» ЖШС қолға алып, оған «Түркістан» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы толық сүйемелдеу көрсетпек.

Бүгінде Түркістан облысының агроөнеркәсіп кешені еліміз бойынша алдыңғы қатарда тұр. Мемлекеттік қолдаумен тиімді инвестициялық саясаттың нәтижесінде салаға құйылған қаражат көлемі жыл сайын артып келеді. Тек биылдың өзінде ауыл шаруашылығы саласына 125 млрд теңге инвестиция тартылған. Қазіргі таңда өңір шаруаларының пайдалануында 17 487 техника бар. Мемлекет қолдауымен жыл басынан бері шаруалар 2,8 млрд теңгеге 618 жаңа техника сатып алған.

Жобаның жүзеге асуы Түркістан облысын ауыл шаруашылығы техникасын шығаратын аймақтық индустриялық орталықтардың біріне айналдыруға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде жаңа жұмыс орындарын ашып, өңірдің экспорттық әлеуетін арттырады.

# ЫНТЫМАҒЫ ЖАРАСҚАН...



Түркістан қаласында ел бірлігін бекемдеп, этносаралық татулық пен қоғамдық келісімді нығайтуға бағытталған бірқатар маңызды іс-шаралар өтті.

Алдымен Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, ҚХА Хатшылығының меңгерушісі Марат Әзілхановтың қатысуымен кездесу ұйымдастырылды. Жиынды Түркістан облысы әкімінің орынбасары Ертай Алтаев жүргізіп, Ассамблеяның этносаралық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайтудағы маңызын атап өтті. Ол Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ҚХА-ның XXXIV сессиясында ел ішіндегі татулық пен тұрақтылықты ұлттық байлық ретінде бағалағанын, Ассамблеяның осы бағыттағы жұмысты жүйелі түрде жалғастырып келе жатқанын жеткізді.

Келелі кеңеске «Ел бірлігі» депутаттық тобының мүшелері, облыстық ҚХА және этномәдени бірлестіктердің өкілдері қатысты. Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ ректоры Жанар Темірбекова, өзбек этномәдени бірлестігінің Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Зуппархан Чалданов және әзербайжан этномәдени бірлестігінің төрайымы Рамиля Мустафаева аймақтардағы қайырымдылық, мемлекеттік тіл саясатын ілгерілету, медиация және жастардың ел дамуына қосқан үлесі туралы мазмұнды баяндамалар жасады.

Кездесу соңында этносаралық татулықты нығайтуға үлес қосқан азаматтар «Қазақстан халқы Ассамблеясына 30 жыл» мерекелік медалімен марапатталды.

Сонымен қатар, Түркістандағы «Достық үйінде» Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналған өзбек этномәдени бірлестігінің «Тілі, мәдениеті және салт-дәстүрі күні» мерекелік іс-шарасы өтті. Бұл жиын этномәдени көрмеден басталып, көпұлтты елдің мәдени байлығын паш етті.

Мерекелік жиында ҚХА Төрағасының орынбасары Марат Әзілханов, облыс әкімінің орынбасары Ертай Алтаев және облыстық мәслихат төрағасы Нұралы Әбішов ел бірлігі мен қоғамдық келісім – мемлекеттің басты байлығы екенін атап өтті. Өзбекстанның Алматы қаласындағы Консулдығының бірінші хатшысы Эркинжан Абдукоюмов Қазақстанның толеранттылық саясатын әлемдік қауымдастыққа үлгі ретінде бағаласа, этномәдени бірлестіктердің жетекшілері де өзара ынтымақты сақтау жөнінде жүрекжарды лебіздерін білдірді. Іс-шара барысында елдің дамуына және этносаралық татулықты нығайтуға үлес қосқан азаматтар түрлі марапаттарға ие болды. Мерекелік жиын этномәдени бірлестіктердің өнерпаздары мен мәдениет майталмандарының гала-концертімен түйінделді.

Түркістанда өткен бұл жиындар ел бірлігін нығайту мен ұлттар арасындағы өзара сыйластықты арттырудың нақты көрінісі болды.

# ІРІ ҚҰС ЕТІ КОМБИНАТЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Түркістан облысының Түлкібас ауданында қуаттылығы жылына 48 мың тонна құс етін өндіретін жаңа фабриканың іргетасы қаланды. Өңірге жұмыс сапарымен барған облыс әкімі Нұралхан Көшеров Жабағылы ауылындағы «Қаркын Трейд» ЖШС-нің құс етін өндіру зауытының капсуласын салу рәсіміне қатысып, жобаның маңыздылығына тоқталды.

– Бүгін біздің өңір үшін ерекше күн. Себебі бір күнде екі жаңа өндіріс нысанының іске қосылуы мен құрылысының басталуына куә болып отырмыз. Кұмісбастау ауылында сусын шығаратын зауыт пайдалануға берілсе, Жабағылы ауылында құс шаруашылығын дамытуға бағытталған заманауи фабрика құрылысы қолға алынуда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл шаруашылығын дамыту мен азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуді тапсырған болатын. Бұл жоба – тек өндіріс нысаны ғана емес, жаңа жұмыс орындары, инновациялық технологиялар мен өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретін маңызды бастама. Болашақта фабрика өңірдің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтып қана қоймай, экспорттық әлеуетін де арттырады, – деді облыс әкімі.

Жалпы құны 53,7 млрд теңгені құрайтын жобаға «Түркістан» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы тарапынан 5 млрд теңге көлемінде жеңілдетілген несие беріледі.

*(Жалғасы 5-бетте)*

## ІРІ ҚҰС ЕТІ КОМБИНАТЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

(Жалғасы. Басы 4-бетте)

Сондай-ақ мемлекет жобаны қажетті инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз етпек. Ірі кәсіпорын толық қуатында іске қосылғанда 1 200-ден астам жаңа жұмыс орны ашылады деп жоспарлануда.

Фабрика 517,7 гектар аумақта орналасады. Жоба аясында 96 құс фермасы, инкубатор, құрама жем зауыты, газ-электр станциясы, құс сою және қалдық өңдеу цехтары, сондай-ақ тоңазытқыш қоймалар салынбақ.

Кешеннің құрылысы үш кезеңмен жүзеге асады:

- I кезең (2026–2027 жж.) – 21,9 млрд теңге инвестиция тартылады, 550 жұмыс орны ашылып, жылына 15 мың тонна құс еті өндіріледі;
- II кезең (2028–2029 жж.) – 15,8 млрд теңге инвестиция салынып, 325 жаңа жұмыс орны құрылады, өнім көлемі 24 мың тоннаға жетеді;
- III кезең (2029–2030 жж.) – 16 млрд теңге инвестиция қарастырылып, өндіріс толық қуатына шығады. Бұл кезеңде жылдық өнім көлемі 48 мың тоннаға жетіп, қосымша 325 жұмыс орны ашылады.

Түлкібаста бастау алған құс еті фабрикасының құрылысы өңірдің агроөнеркәсіптік әлеуетін арттырып, ішкі нарықты сапалы отандық өніммен қамтамасыз етуге және экспорттық мүмкіндіктерді кеңейтуге жол ашады. Бұл бастама Түркістан облысының экономикалық дамуына жаңа серпін беріп, ауыл тұрғындарын тұрақты жұмыспен қамтуға айтарлықтай үлес қосады.

## RC COLA БРЕНДІМЕН ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ЗАМАНАУИ СУСЫН ЗАУЫТЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ



Түркістан облысы тағы бір ауқымды инвестициялық жобамен толықты. Түлкібас ауданының Күмісбастау ауылында АҚШ-тың әлемге танымал RC Cola бренді негізінде жұмыс істейтін «Beibars Bottlers» компаниясының заманауи сусын өндіру зауытының ашылу салтанаты өтті.

Жаңа кәсіпорын ауыз су мен алкогольсіз сусындар өндіруге маманданған және өңірдің өндірістік әлеуетін арттыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға үлкен серпін бермек. Зауытта неміс және италиялық технологиялар қолданылған, ал суды тазалау жүйесі көпсатылы экологиялық стандарттарға сай. Өндірісте пайдаланылатын су 170 метр тереңдіктегі ұңғымалардан алынып, сапасы АҚШ пен Италияның жетекші зертханаларында расталған.

Жаңа өндіріс орны 100 жергілікті тұрғынды тұрақты жұмыспен қамтып, ауыл экономикасының дамуына және тұрғындардың тұрмыс сапасының жақсаруына айтарлықтай үлес қосып отыр.

Ашылу рәсіміне Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров қатысып, кәсіпорын ұжымына сәттілік тілеп, жобаның стратегиялық маңызын атап өтті:

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаев кәсіпкерлікті дамыту мен инвесторларға қолайлы жағдай жасауды негізгі басымдық ретінде белгілеген болатын. Бұл жоба – сол саясаттың нақты нәтижесі. Жергілікті әкімдік тарапынан барлық инфрақұрылым жеткізіліп, қажетті қолдау көрсетілді. Ендігі мақсат – сапалы өнім шығарып, оны ішкі және сыртқы нарыққа ұсыну. Өңіріміздің дамуына үлес қосатын жобаның табысты болуына тілектеспін, – деді облыс басшысы.

Салтанатты шараға «RC Cola International» компаниясының бас менеджері Фрэнсис Лампера, «Freedom Bank» басқарма төрағасы Гүлфайруз Ахметова, сондай-ақ жобаның идея авторы әрі инвесторы, «Beibars Bottlers» ЖШС құрылтайшысы Амангелді Нұров қатысты. Олар бұл жобаның Қазақстан мен Орталық Азия нарығындағы отандық өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыратынын атап өтті.

Жобаға шамамен 9 млрд теңге инвестиция тартылған. Зауыттың жылдық қуаттылығы – 120 мың тоннаға дейін сусын өндіру. Өнімдер металл және пластик құтыларда шығарылып, Қазақстан нарығынан бөлек, көрші елдерге экспортталмақ.

